



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



Абай мұрасы – сарқылмас қазына

Әр ұлттың, әр халықтың ғасырлар толқынымен туатын алып ой иелері болады. Мәселен, гректің Аристотелі, немістің Гетесі, ағылшындардың Шекспирі, француздың Бальзагі бар. Ал қазақтың бағдаршамы – Абай. Ол – сөз өнері арқылы өз халқының жүрегіне жарық сәуле түсірген ерекше тұлға. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Құлақтан кіріп бойды алар» атты аудандық мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Иә, биыл данышпан-ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына – 180 жыл. Ақынның қазақ халқының болмысын шынайы көрсеткен шығармалары адал еңбек, таза жүрек, қажымас қайрат, даналық, ақыл сияқты тақырыптарға негізделген. Елімізде Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейде ауқымды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, кең көлемде атап өтілуде.

Кешегі өткен аудандық шараның басты мақсаты – Абай шығармашылығын дәріптеп, жастар мен жасөспірімдердің тіл мәдениетін арттырып, көркемөнер шеберлерін анықтау. Шараға кент және ауылдық округтерден 8 өнерпаз қатысып, ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жатқа айтты. Рухани шарада қатысушыларға Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Қуат Адис, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің режиссері Батырбек Шаймағанбетов пен мәдениет үйінің қызметкері Шынар Қоқымбай тәрелік етті.

Көп адам дүниеге бой алдырған, бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге бола ма, ойланғандары, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған – деп төрелігің өзі шешкен Абай бұғи жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 180 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре де бермек. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – оның рухани және әдеби мұрасын жаңа қырынан танып, зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды кезең. Абай – қазақ жазба әдебиетінің

негізін қалаушы ғана емес, ұлттық ой-сана мен мәдениеттің символы.

Қара сөз бен көркем ойдың иесі Абай Құнанбайұлының мол мұрасы – бүгінгі буынға сарқылмас байлық. Ал Ұлы ақынның аманатын дәріптеу – әр ұрпақтың борышы.

Қазылар алқасының шешімімен «Есінде бар ма, жас күнің» өлеңімен көпшіліктің көңілінен шыққан Таң ауылынан келген Назым Қожабек I орынға лайық деп танылды. Ал Абайдың жетінші қара сөзін жатқа оқыған Ақсулық Ақжүніс Бүркітбай II орынға тұрақтады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін жатқа оқыған М.Шәменов ауылының оқушысы Ерасыл Байсерік үздік үштікті түйіндеді. Ал қалған қатысушылар арнайы алғыс хатпен марапатталды.

– Жарысқа 1 күн бұрын ғана дайындалып, қатыстым. Абай Құнанбайұлының өлеңдерін ең алғаш бастауыш сыныбымда жаттап бастадым. Қазіргі таңда 10-ға жуық өлеңі мен 4 қара сөзін жатқа білемін. Бүгінгі жарысқа Абайдың 7-ші қара сөзін жаттадым. 45 қара сөзін толық жаттамасам да, танысып шықтым. Қай қара сөзін алып қарасаңыз да Абай барлығында адамды игі істер жасауға шақырып, жамандық пен жалқаулықтан бойын аулақ ұстауды айтады, – дейді қатысушы Ақжүніс Бүркітбай.

Иә, Абай өз ұлтының келешегіне жол көрсетіп, жүрегіне сәуле жақты. Бүкіл болмысымызға, өмірімізге, қоғамға жарығын түсіріп тұрған Абай жаққан сол сәулені сөндіріп алмай, мәңгілік мәздата беру – бүгінгі бізге, ертеңгі жас ұрпаққа аманат.

Сөзім НҰР

Сараптама

Ана мен бала өлімі азайған

Биыл I жартыжылдықта елімізде ана өлімі 10 пайызға, нәресте өлімінің деңгейі 26,3 пайызға төмендеген. Жауапты министрлік әлі де ана мен бала өліміне жол бермеу мақсатында акушерлік және педиатрия бойынша стандарттар мен клиникалық хаттамаларды өзектендіру, педиатриялық бейіндер бойынша, босану мен акушерлік операцияларға тарифтерді ұлғайту, емдеудің инновациялық әдістерін енгізу және тағы басқа да шаралар қабылданып жатқанын мәлім етті.

Ана мен бала өлімі 6 есе төмендеген

Аталған мәселе кешегі Үкімет отырысында да қаралды. Премьер-министр Олжас Бектенов Президент қойған міндеттерді ескере отырып, атқарылып жатқан жұмыстың маңыздылығын тарқатты.

Иә, осыған дейін Мемлекет басшысы ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуді денсаулық сақтау жүйесін дамытудың маңызды басымдығы ретінде айқындап берді. Бұл өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен еліміздің жандық бәсекеге қабілеттілік индексіне айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Үкімет басшысы осы тұрғыда қабылданған шаралар ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретінін айтады. Сондай-ақ ол еліміздегі ана мен бала өлімінің төмендеуін медицина қызметкерлері еңбегінің нәтижесі деп біледі.

Премьер-министр сала мамандарын даярлауды кеңейту қажеттігіне назар аударды. Тарқатып айтсақ, елордада және өңірлерде жетекші клиникалар базасында оқу орталықтарын дамытып, акушерлер, гинекологтар, неонатологтер, педиатрлар мен реаниматологтер үшін үздіксіз оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу ерекше маңызға ие. Сонымен қатар болашақ аналар мен балалар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында ауылдық елді мекендерге білікті кадрлардың келуін қамтамасыз ету қажет.

Қауіпсіз босану жағдайларын жақсарту, оның ішінде перинаталдық орталықтарды заманауи жабдықтармен жарақтау



бойынша тұрақты жұмыстың маңызы жоғары. Осы тұрғыда алдымызда қандай жұмыстар атқарылуы керек? Мақсат-міндеттерді айқындауда келсек, алдымен дамыған елдердің көрсеткіштеріне жақындау үшін босану кезіндегі күрделі және қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша жұмысты күшейту керек. Үкімет басшысы да денсаулық сақтау жүйесін дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізуге болатынын жоққа шығармады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы жылдары елімізде ана мен бала өлімі 6 есе төмендеген. Әлі де бұл мәселенің алдын алу мақсатында Мемлекет басшысы заманауи перинаталдық орталықтардың құрылысын жалғастыруды тапсырды. Енді қарашаға дейін барлық қажетті құжаттаманы дайындау жұмыстарын аяқтап, Шымкент пен Қарағандыда осындай орталықтардың құрылысын бастау күн тәртібінде тұр.

Премьер-министр әйелдерді жүктілікке дайындауға, ауруларды уақытылы диагностикалау мен сауықтыруға бағытталған «Аналар саулығы» бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ барлық адамның сапалы медициналық көмекке тең қол-

жетімділігін қамтамасыз ету қажет, бұл орталық және жергілікті деңгейде мемлекеттік органдардың үйлестірілген жұмысын талап етеді.

Кадр тапшылығын азайту мақсатында Денсаулық сақтау министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, қолданыстағы және жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау нысандарын медицина мамандарымен толықтыру жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды. Бұл көрсеткіш Денсаулық сақтауды дамытудың 2030 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасында көрініс табуы қажет.

Өңір әкімдіктеріне инфрақұрылымды жақсарту, босандыру және бала күтімі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту міндеттелді. Барлық өңірде ауылдық жерлерге жұмыс істеуге келген жас дәрігерлерге көтерме қаражаттың бөлінуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Ал Денсаулық сақтау министрлігіне, ұлттық ғылыми орталықтарға диагностика мен емдеу сапасын жақсарту үшін өңірлік медициналық ұйымдарға жаңа технологиялар трансфертін тұрақты негізде қамтамасыз ету жүктелді.

Жалғасы 4-бетте

Еңбек адамы

Тігінші Әлия

Соңғы жылдары ауданда кәсіпкерлік саласында айтарлықтай серпін бар. Бүгінде мемлекет тарапынан берілетін қолдауды тиімді пайдаланып, кәсібінің көкжиегін кеңейткендер көп. Солардың бірі – тігінші Әлия Убжарова. Апта басында кейіпкеріміздің тігін цехына арнайы барып, жұмысының жай-күйімен таныстық.

Кейіпкеріміз Әлия Қожамұратқызы 2023 жылы «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы мемлекеттен 1 млн 380 мың теңге алған. Қаражат қолына тие салысымен оны басқа мақсатқа жұмсамай, кәсібіне күйғанна мен мұндайлап тұрған құрал-жабдықтары дәлелі. Сүйікті ісін кәсібіне айналдырған кейіпкеріміз кішкентайынан бұл мамандыққа әбден машықтанған.

– Кішкентайымнан осы салаға бейім болдым. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде өзіме белдемше, көйлек тігіп алатынмын. Кейін қасымдағы құрбыларыма да түрлі киімдер тіге бастадым. Уақыт өте шалбар қысқарту, қыз жасауын тігу сынды жұмыстарды қолға алдым. Шыны керек, маған киім тігуді ешкім үйретпеді. Қателеспесем, карантин кезінде киім пішуді толыққанды үйрену үшін арнайы қаладан оқып келдім. Осы аудандағы бірнеше тігіншімен бірге жұмыс жасап, тәжірибе жинақтадым. Бойымдағы қабілетім мен еңбекқорлығымның арқасында 2020 жылы жеке кәсіп ашып, нәсібімді кәсіптен тауып, халықтың алғысын алып жүрмін, – дейді кейіпкеріміз.

Бала күнінен басталған қызығушылығы мен дарынын тың идея,

мол тәжірибемен ұштастыра білген Әлияның қолынан шыққан қыз жасаулары мен көрпе-төсегі осыдан бірнеше жыл бұрын аудан тұрғындары тарапынан үлкен сұранысқа ие болған. Ал қазіргі таңда ол шалбардың балағын, көйлектің етегін қысқарту, көз келген киім түрін қайта өңдеу секілді тапсырыспен айналысады. Бұндай тапсырыстарды көп созбай, сол мезетте бітіріп тастайтын кейіпкеріміз жұмысына жауапкершілікпен қарап, таңнан кешке дейін тігін машинасының алдында отырады.

– Шебердің инесі де – алтын, оққан күймесі де – алтын» демекші, кейіпкеріміздің қолынан шыққан дүниелер тұрақты тұтынушыларының қатарын арттыруда. Ол осы айда көбіне мектеп оқушыларының формасын тігу жұмысымен айналысатынын айтады.

– Бұған дейін ескі тігін машина болды. Жиі бұзыла бергендіктен көп тапсырыс қабылдай алмайтынмын. Мемлекеттік бағдарлама арқылы соңғы үлгідегі тігін машинасын сатып алдым. Қазір тамыз айында көбіне оқушылардың сабақ киімін тігемін. Өзіңіз көріп тұрғандай, дәл қазір 5-сынып оқушысының мектеп формасын дайындап жатырмын.



Бұдан бөлек шалбардың ұзындығын қысқарту сынды жұмыстар толып тұр. Соның барлығына уақыт тауып үлгеру керек, – дейді ол.

Күніне 10 шақты тұтынушыға жалғыз өзі қызмет көрсетіп үлгеретін Әлия сұхбат барысында біреудің жасаған жұмысына көңілі толмайтынын жеткізді. Бүгінге дейін бірнеше қыз-келіншекпен бірге жұмыс жасап көрген кейіпкеріміз олардың өзі секілді нәтиже көрсетпегенін, сондықтан жалғыз өзі жұмыс жасауға тура келгенін айтады. Ол талғампаз тұтынушыларының көңілінен шығу үшін заман талабына қарай үнемі ізденіс үстінде жүреді.

– Мен Әлияның тұрақты тұтынушыларының бірімін. Өзімнің және отбасындағылардың киімін қысқарту немесе қайта өңдеу керек болса, ойланбастан Әлияға сеніп тапсы-



Білім гранты кімдерге бұйырды?

Мектеп бітірген түлектер үшін аптаның бейсенбісі маңызды күндердің бірі болды. Себебі дәл осы күні 2025-2026 оқу жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды. Бірі өзі армандаған оқу орны мен мамандығы бойынша білім грантын жеңіп алғанына қуанса, енді бірінің грант жеңімпаздары арасынан өз есімдерін таба алмағанына сағы сынды. Елдегі және аудандағы ахуал қандай? Білім грантын қанша түлек жеңіп алды? Тарқатайық...

217 мың түлек мектеп бітірді

Елімізде биыл 217 мың түлек мектеп бітіріп, 210 мыңнан астам талапкер ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Оның ішінде 76,5 пайызға жуығы қазақ тілінде, 23,5 пайызы орыс тілінде, ал 149 талапкер ағылшын тілінде тестілеуден өтті. Айта кетейік, талапкерлерге ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатысу мүмкіндігі берілді. Биыл мектеп бітірген 210 мың талапкер ҰБТ-ны 381 мың рет тапсырған.

Тестілеу қорытындысы бойынша 161 мыңға жуық талапкер шекті баллды жинаған. Бұл қатысушылардың 76 пайызын құрайды. Бес пен бойынша ҰБТ-ның орташа баллы 69-ды құрады. Ең жоғары 140 балды ҰБТ-ны өткізудің бірінші аптасында Түркістан облысының түлегі Әбілхан Жәнібек жинаған. Ал 598 түлек 130 баллдан жоғары нәтижеге қол жеткізген.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқуға түсушілер үшін қолайлы жағдай жасаудың арқасында ҰБТ-ға 681 талапкер қатысқан. Биыл апелляцияға 92 мыңнан астам өтініш қабылданып, олардың 104-і бірыңғай тест тапсырмасына қатысты өтініштері қанағаттандырылған. Ал ҰБТ кезінде 711 ереже бұзушылық тіркелген. Тыйым салынған құрылғыларды, смартфон, смарт-сағат, микроқұлақпақ пен шпаргалкалар алып кіруге тырысу жағдайы жиі болған. Осыған байланысты 326 талапкер тестілеуден өте алмады. Тестілеуде аудиториядан 380 қатысушы шарғырылып, нәтижелері жойылған. Бейнежазбаларды қарау барысында қосымша тағы 5 түлектің нәтижесі алынып тасталған.

Жалғасы 2-бетте

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

■ Нәтиже

Білім гранты кімдерге бұйырды?

388 түлек ҰБТ-ға қатысты

Жалағаштық ұстаздардың бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырудағы еңбегі ерөн. Жалпы білім саласында айтарлықтай серпін бар. Бұған әріптестеріммен ауылдардағы алтын ұяларды аралап, газет бетіне жарияламақ болғанда бірнеше мәрте көзіміз жеткен. Жыл сайын оқу жылын оң нәтижемен қорытындылайтын ұстаздар биыл да бұл жолдан жығылған жоқ.

Айта кетейік, биыл Жалағаштағы 20 мектепте 7012 оқушы білім алды. Оның 675-і 9 сыныпты, 450-і 11 сыныпты тәмамдады. Сондай-ақ «Үздік аттестатты» 9 сыныптан 82 оқушы, 11 сыныптан 49 оқушы иеленді. Ал 16 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды.

Биыл ауданда 390 оқушы, яғни бітіруші түлектердің 87,2 пайызы мамыр-шілде аралығындағы ҰБТ-ға қатысты. Оның 64-і 100-ден аса балл жинаған. Жыл сайын ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысымен аудан түлектері үздік үштікті түйіндеуде.

ҰБТ-да аудан бойынша жоғары балл жинаған түлектердің қатарында Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі, «Алтын белгі» иегері Сүлеймен Жанель бар. Ол ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына екі мәрте қатысып, алғашқысында 131, екінші мүмкіндігінен 133 балл жинаған. Ал №123 мектеп-лицейінің оқушысы Данияр Бауыржанұлы ҰБТ-дан 129 балл жинады. Дәл осы мектептің түлегі Жәли Ақбота да тесттен 125 балл жинаған болатын. Ал шағайдағы Жаңадария ауылының №203 орта мектептің түлегі Ұлпан Амандық тестілеуге дайындықты 2 жыл бұрын бастаған. Нәтижесінде ол тестілеуден 130 балл алды.

77 мыңнан астам түлек тегін білім алады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес биыл экономиканың басым салалары үшін жоғары білікті кадрларды дайындау мақсатында білім беру гранттарының 60 пайызы инженерлік және техникалық бағыттарға бөлінген.



Биыл «Серпін» бағдарламасы халық тығыз қоныстанған өңірлердің жастары арасында үлкен қызығушылық тудырған. Конкурс нәтижесі бойынша 2 мыңнан астам грант иегері Қазақстанның солтүстік, шығыс және орталық өңірлеріндегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алатын болады. Биылғы мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына 113 мыңға жуық өтініш қабылданған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 мыңға көп.

2025-2026 оқу жылына 77 мыңнан астам грант бөлінген. Оның басым бөлігі, яғни 60 пайызы техникалық бағыттағы мамандықтарға, 20 пайызы педагогикалық мамандықтарға, ал қалған 20 пайызы қажеттілікке байланысты әртүрлі салаға жіктелген. Сондай-ақ ҚР Білім туралы Заңына сәйкес, квоталық категориялар ескерілген. Мысалы, жетім балалар немесе мүгедектің бар балаларға, көпбалалы немесе толық емес отбасынан шыққан балаларға, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан

балаларға арнайы квоталар қарастырылған. Бұл категориялардың ерекшелігі, аталған квота түрі бойынша талапкер конкурсқа қатысатын босла, өзінің квота шеңберінде және жалпы конкурс бойынша да грант конкурсына мүмкіндігі бар.

Дарынды жастар да назардан тыс қалмайды. Оларды қолдау мақсатында конкурссыз берілетін гранттар қарастырылған. Олар – халықаралық олимпиадалар мен спорттық жарыстардың жеңімпазы. Сондай-ақ алғаш рет мерзімді әскери қызметін өтеп

жатқан азаматтар үшін 2010 білім беру гранты бөлінді. Бұл шара әскери қызметін өтеп болған соң әскери қызметшілердің әлеуметтік бейімделуін қолдауға және жоғары білім алуға тең мүмкіндік беру мақсатында қолға алынған.

Айта кетейік, биыл екінші жыл қатарынан сараланған гранттарды бөлу қарастырылып отыр. Былтыр алғаш рет 300 грант бөлінсе, биыл да осы көлемде ұсынылуда. 150 грант педагогикалық бағыттарға, ал қалған 150 грантты жаратылыстану бағытындағы білім беру бағдарламаларына бөлу жоспарланып отыр. Сараланған гранттың конкурсы негізгі конкурстан бөлек өтеді. Ол үшін талапкерлерге қосымша құжат тапсырудың қажеті жоқ. Барлық деректер ұлттық тестілеу орталығының базасынан алынып, сараланған грант иегерлерінің тізімі қыркүйек айының соңында жарияланады.

Жалағаштық 285 түлек грант иегері атанды

Биылғы оқу жылында аудан бойынша ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан 388 түлектің 342-сі мемлекеттік грант конкурсына қатысуға өтініш білдірген. Кеше жарияланған грант иегерлерінің тізімінде жалағаштық 285 түлектің аты-жөні жазылып, ЖОО-да тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Гранттардың бөлінісі бірнеше басым бағыттарға, қоғамда сұранысқа ие мамандықтарға қарай тағайындалған. Аудан бойынша мемлекеттік грант иеленген 285 түлектің басым бөлігі педагогикалық және техникалық мамандықты тандаған. Нақтырақ тоқталсақ, 119 талапкер педагогикалық, 19 талапкер медициналық бағытқа, 61 түлек техникалық және 42 түлек ауыл шаруашылығы мамандықтарына оқуға түскен. Сонымен қатар 44 түлек басқа да бағыттағы мамандықтар бойынша жоғары білім алатын болды. Айта кетейік, былтыр конкурсқа қатысқан түлектердің 83 пайызы, ал биылғы түлектердің 83,3 пайызы грант иегері атанды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ
Басы 1-бетте

■ Дөңгелек үстел

Заң – тәртіп пен әділеттілік негізі

16 шілде күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Аталған Заң қылмыстық-құқықтық саланы жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мақсатында қабылданды.



Қыз алып қашу – қылмыс

Отбасы екі адамның өз еркімен саналы түрде қабылдаған шешімімен құрылуы тиіс. Жиын барысында сот төрағасы қыз алып қашу «дәстүр» емес, қылмыс екенін ескертті. Себебі енді неке қиюға мәжбүрлегендер үшін де 125-1-бап енгізілді. Некеге тұруға мәжбүрлеу – қыз балаға еркінен тыс күш көрсетіп некелерін қидыру. Мұндай әрекет адам құқығын таптау болып табылады.

Елімізде соңғы 3 жылда 200-ден аса қызды алып қашып, мәжбүрлеп некелесу дәрегі тіркелген. Сорақысы, оның ішінде тек 10-і ғана сотқа жеткен. Ал қалғаны көшірім беру мен «дәстүрдің» тасасында жазасыз қалған.

Өзге елдерде жас қызды еркінен тыс алып қашып, мәжбүрлеп некеге тұрғызғандарға заң қатал. Мәселен, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан-Қылмыстық кодекстерінде некелесу мақсатымен қыз алып қашқаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Ал бізде мұндай әрекет Қылмыстық кодекстің 125-бабы – «Адам ұрлау» бойынша ғана қаралған. Тіпті көбіне кінәлі тарап қызды үйіне қайтарған жағдайда жазадан босатылып кетеді. Сөзімізге 200-ден аса қыз алып қашу оқиғасының тек 10-ы ғана сотқа жеткені дәлел. Осыған байланысты депутаттар біраздан бері заңды қатаңдатуды талап етіп келеді. Соның ішінде Қылмыстық кодекске «Неке қиюға мәжбүрлеу» деген бап қосуды ұсынған болатын. Бұрын бойжеткенді мәжбүрлеп ұстағандарға қыз үйіне қайтарылғаннан кейін ешқандай жаза қолданылмаған. Ал енді қызды

үйіне жіберсе де кінәлілердің жазасыз қалмауы талап етілуде.

Енді қыз алып қашқандарға 8 млн теңгеге жуық, яғни 2000 АЕК көлемінде айыппұл салынады немесе түзету жұмыстарына жегіледі. Істің мәніне қарай 2 жыл бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Ал алып қашқан қыз көмелетке толмаған болса, сондай-ақ күш қолданғаны белгілі болса салдары тіпті ауыр болмақ. Кінәлі азамат 5000 АЕК айыппұл арқалап 3 жылдан 7 жылға дейін түрмеге тоғытылуы мүмкін. Ең қатаң шешім жәбірленушіге абайсызда ауыр зардап тигізілсе қолданылады. Яғни кінәліге 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған.

Айта кетейік, факті тіркелсе, іс сотқа кетеді. Ал сотта қыз жақ «көшірім берді» деген сылтау жүрмейді. Қызды алып қашқандармен қатар күштеп ұстап, некесін қидыруға қинап көндіретіндерге де аяшылық жоқ. «Қалыңдықтар» қамап ұстаған әрбір жан «адамдар тобымен жасалған қылмыс» санатына ілігеді. Бұл – әрине, адамның жеке құқығын таптау болғандықтан өте ауыр қылмыстардың бірі. Сондықтан қылмыс-керлерге 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Шыны керек, қазіргі жастар арасында қыз алып қашуды салт-дәстүр деп қабылдайтындар көп. Егер қыз жақтың ата-анасы келісім беріп, екі жас өзара тіл табысып, олардың шаңырақ көтеруіне ешкім қарсы болмаса бұл жайт қыз алып қашуға жатпайды. Жасыратыны жоқ, бүгінде қыздардың арасында өмірінде бірде-бір рет көрмеген адамға жар болып

жатқандар көп. Көшеде кетіп бара жатқан жерінен қойша көтеріп, көлікке салып алып өкету – нағыз надандық. Соңында бұл отбасылар бір-бірімен тіл табыса алмай, шаңырағы шай-қалып жатады. Сондықтан бұндай жағдай болмас үшін қыздың көлісімін алып, ата-анасының ақ батасымен неке қидырған дұрыс.

Мұнан бөлек Қылмыстық кодекстің тағы бір ерекші бабы – 232-1-бап – «Дропперство» деп аталады, яғни бөтен адамның атынан банк карталарын ашу. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда алаяқтықтың түрі көбейген. Яғни алаяқтар кейбір азаматтарды банк картасын ашып беруге және сол карта арқылы қаржы аударымдарын жасауға көндіреді. Бұл – әрине, үлкен қылмыс. Енді мұндай әрекеттер жасағаны үшін алаяқтарға қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Сондықтан өз атыңыздан карта ашып, оны басқа адамға бермеу қажеттігін ескертеміз.

339-1-бапта сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды заңсыз пайдалану туралы айтылған. Қазақстан аумағында кейбір жануарлар мен өсімдіктер Қызыл кітапқа енген. Енді оларды аулау, сату немесе олардың бөліктерін заңсыз пайдалану әрекеттері қылмыстық жазаға өкел соғады. Мәселен, киікті заңсыз қолға түсіріп, оның мүйізін иемденіп, сақтау немесе өткізгендерге 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Сондықтан табиғатты аялап, заңмен қорғалған жануарларға зиян келтірмеген дұрыс.

352-1-бап «Әуе кемесін басқаруға кедергі келтіру» деп аталады. Әуе кемесін басқаруға кедергі келтіретін кез келген әрекет қылмыстық іс болып есептеледі. Лазерлік құрылғыларды немесе пилотсыз ұшу аппараттарын әуе кемесіне бағыттау арқылы әуе кемесін басқаруға кедергі жасағандарға 200 АЕК-ге дейін айыппұл салынады немесе түзету жұмыстарына жегіледі. Сондай-ақ елу тәулікке дейін қамауға алу жазасы да қарастырылған. Ал абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтірілсе, 300 АЕК айыппұл немесе 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Егер абайсызда адам өлімі орын алған жағдайда 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Ал қайғылы жағдай екі немесе одан да көп адамның өлімімен аяқталса, 6 жылдан 10 жылға дейінгі бас бостандығынан айырылады. Жиын соңында сот төрағасы бұл өзгерістердің барлығы қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қауіп-қатердің алдын алуға бағытталғанын айтып, жынға қатысушыларды аталған заңның баптарымен толық танысып, өзімізді ді, өзгені де құқық бұзушылықтан сақтағанымыз жөн екенін ескертті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

■ Біле жүріңіз

Цифрлық технологиялар дамыған сайын интернет кеңістігі азаматтардың өмірінде күнделікті қажеттілікке айналды. Алайда осы мүмкіндіктермен бірге интернет алаяқтық сынды жаңа қауіп түрлері де белең алып отыр. Қоғамда интернет арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстардың саны жыл сайын өсіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, мүлктік қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіруде.

Интернет алаяқтықтың алдын алу бәрінен маңызды

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі ҚК) 190-бабына сәйкес, алаяқтық бөтен мүлкікті немесе мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен иемдену болып табылады. Егер бұл әрекеттер ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жасалса, яғни интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер немесе жалған интернет дүкендер арқылы іске асырылса, онда бұл ауырлатыын мән-жай ретінде есептеледі (ҚК 190-баптың 2-бөлігінің 4) тармақшасы).

Алаяқтықтың кең таралған түрлері

- Жалған интернет-дүкендер: арзан бағамен тауар ұсыну арқылы азаматтарды сәндіріп, төлем жасағаннан кейін байланысқа шықпайды.
- «Банк қызметкерімін» деген қоңыраулар: азаматтың деректерін немесе бір реттік SMS кодты алып, шотынан қаражат ұрлау.
- Онлайн инвестиция мен криптовалюта уәдесі: жоғары табысқа кепілдік берімін деп азаматтардың ақшасын иемдену.
- Жұмысқа орналастыру, пәтер жалға беру: бастапқы төлем алып, жалған уәде беру арқылы алдау.
- Фишинг сайту: мемлекеттік орган немесе танымал компания сайтына ұқсас беттер арқылы жеке деректерді жинау.

Заңнамалық жауапкершілік

Интернет алаяқтық үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес 10 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасы көзделгендігін ескертеміз. Сонымен қатар ҚК-нің 262-бабы бойынша қылмыстық топ құру және оны басқару үшін де жауапкершілік қарастырылады.

Алдын алу шаралары

Интернет алаяқтықтың алдын алуда әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығы мен қырағылығы аса маңызды. Сондықтан бірқатар ұсыныстарды қаперге алған дұрыс.

Күдікті сілтемелерге өтпеңіз, таныс емес сайттарға жеке деректеріңізді енгізбеңіз. Банк картасы, SMS-код, ЖСН немесе CVV-кодты бөгде адамға айтпаңыз.

Ресми көздерден ғана сауда жасаңыз – KZ-доменіндегі сертификатталған сайттарға басымдық беріңіз. Телефон арқылы «банк қызметкері» хабарласса, тұтқаны қойыңыз. Банк қызметкерлері ешқашан код сұрамайды.

Жарнама, инвестиция, лотерея уәдесіне сенбеңіз, шын табыс көп жағдайда жарнама арқылы ұсынылмайды. Киберқылмыс белгілерін байқасаңыз бірден құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.

Интернет алаяқтық жай ғана азаматтың мүлкіне қол сұғу емес, ол – мемлекеттегі құқықтық тәртіпке қауіп төндіретін құбылыс. Сондықтан құқық қорғау органдары, оның ішінде прокуратура органдары бұл бағытта көшпенді жұмыстар жүргізуде: цифрлық із кесу, арнайы сараптама, шетелдік платформалармен ынтымақтастық және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Әр азаматтың қауіпсіздігі – мемлекет тұрақтылығының негізі. Қырағылық танытыңыз, өз құқығыңызды біліңіз және қажет болған жағдайда прокуратура органдарына жүгініңіз.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Сұхбат

Тұрақ АХЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:

Әрбір туындыма сын көзбен қараймын

Көз келген жан болмысынан бөлек кете алмайды. Болмыс дегеннің өзі кісінің шыққан төгі, тәлім-тәрбиесіне байланысты қалыптасады. «Текіден текті туады, тектілік жолын қуады» деп бұрынғылар бекер айтпаса керек. Қасиет екенің қанымен, ананың сүтімен дариды. Ол – он тоғызыншы ғасырда өмір сүріп, елдің бірлігі мен тұтастығына қызмет еткен Үбіс бидің ұрпағы. Ал Ұлы Отан соғысының ардагері, кезінде Жалағаш аудандық «Күрішішлер» газетінің редакторы болған майдангер ақын, одан кейінгі жылдары партия-кеңес органдарында жауапты қызмет атқарған әкесі Адис Ахетұлының өмірі мен қызметі өз алдына бөлек әңгіме. Бұл жолы мақсатымыз Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, жазушы, журналист, өлкетанушы Тұрақ Адисұлының шығармашылығымен таныстыру болмақ.

1962 жылы 22 наурызда Жанатапап ауылында дүниеге келген Тұрақтың балалығы мен бозбала шағы ауданнан шалғай орналасқан Аққыр ауылында өтті. Ауылдағы №188 орта мектепті бітіріп, Жалағаштағы №150 кәсіптік-техникалық училищеде оқып, кәсіби білім алған ол туған ауылында механизатор болып еңбек жолын бастады. Приморье өлкесіндегі «Қызыл тулы» Қыр Шығыс әскери округінде екі жыл Кеңес әскері қатарында болды. Әскерден келгесін Аққыр ауылында он жылдан аса жүргізуші-механизатор болып еңбек етті. Еңбекпен өсеіліп, арман арқапаған ауыл азаматы Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында жоғары білім алып, білім, мәдениет саласында, аудан әкімі аппаратында жауапты қызметтер атқарды. Әр жылдары мұғалім, мектеп директорының орынбасары, аудандық білім бөлімінің жанындағы әдістемелік кабинет меңгерушісі, аудандық білім бөлімінің бас инспекторы, Жалағаш ауданы орталығындағы №201 орта мектеп директоры болып, білім саласында ескеген ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында жемісті еңбек етті. Одан кейінгі жылдары Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің, Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы, Жалағаш ауданы әкімі аппаратының кеңесшісі, Қызылорда Авиценна медицина колледжінің директоры қызметтерін абырймен атқарды.

Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Қазақстан дәуірі» газетінің аймақтық тілшісі Тұрақ Адисұлы бүгінгі таңда шығармашылық жұмыспен айналысып келеді. Қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерді көтерген мақалалары облыстық, республикалық, халықаралық баслымдарда жарияланып жүр. Туған жердің тарихы жайлы, белгілі қайраткер тұлғалар туралы «Аққырым – алтын бесігім», «Үбіс би», «Грибратты ғұмыр», «Жалағаштан Ауғанстанға дейін», «Жеңіс сарбазы», «Сексенінші жылдың түлктері», «Еменнің ир бұтағы», «Өскен әулет, өңегелі өмір», «Сарбаздыңтан сардарлыққа дейін» атты кітаптардың авторы. «Тарихы терең, еңбегі ерпн Жалағаш», «Таңғажайып таң» кітаптарын құрастырушы. Оның қаламынан туған бұл туындылар кейінгі ұрпақ үшін құнды дүние болды. Қазір Жалағаш ауданының энциклопедиясын жазу үстінде. Қарымды қалагер соңғы жылдары қазақ әдебиетінде көңжелеп қалған детектив жанрында да қалам тартып келеді. Жазушы Көмел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауының үш дүркін жүлдегері. 2022 жылы «Орламанның ойраны» әңгімесі ІІІ орын, ал 2023 жылы «Бандыны қуған Хамит» деректі хикаясы ІІ орын алса, 2024 жылы «Бес миллиондық көмір» деректі хикаясы республикалық байқаудың бас жүлдесін иеленді. Оның ішінде «Орламанның ойраны» атты әңгімесі биыл туысқан қырғыз тіліне аударылды.

Тұрақ Адисұлы өзіне талап қоя білетін іскер, еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Не жазса да өбден зерттеп, сарапал, зерделеп, өндіріп қазайды. Бір жазған тақырыбын қайтапалп жатпайды. Жоғарыда айтылған публицистикалық және прозалық жарнда жазған еңбектері – соның айқын айғағы. Әрбір қаламгердің өз бастан жазып қалыптасқан жанры, тақырыбы болады. Тұрақ тақырып таңдамайды. Не жазса да образға кіріп, ойын бейнелеп, көркемдеп жеткізе біледі. Әсіресе оның екінші бір бара бермейтін детектив жанрына қалам тербеп жүргені қуантады. Республикaлық детектив шығармалар байқауында бірнеше рет жүлделі орын иеленіп, жеңімпаз болуы оның шығармашылық еңбегі мен ізденісінжі жемісі екені анық. Қай кітабын оқып қарасаңыз да ерқайсысының жазылу тарихы, замандың идеясы – қазақ әдебиетіне мұра болып қалатын құнды дүниелер.

Қаламгер тынымсыз еңбек, үнемі ізденіс үстінде. Бұл оның өмірінің негізгі қағидасына айналған. Шығармашылық адамының жан дүниесі мың қатпарлы, сырттай баға беріп, болмысын ашп қиын. Сондықтан мен де таланты ерек, болмысы бөлек жазушы жайында екінші жақпен сөйлемей, оның алдағы шығармашылық жоспары, қазақ әдебиеті мен журналистикасының бүгіні мен келешегі жайында сұрап, сұхбаттасқанды жөн санаймын.

– **Тұрақ Адисұлы, шығармашылық адамы үнемі ой үстінде жүреді. Олардың күнделікті уақыты жоспарлы жүіде өтеді. Осы ретте өзіңіздің шығармашылығыңыз жайында білесіз...**

–2019 жылы ауданның 80 жылдығы атап өтілетін болды. Осыған байланысты аудан тарихын кітап етіп шығаруға ауылдағы азаматтар маған тапсырды. Жігіттердің өтініші ортақ жұмыс қой, іске кірістім. «Еңбегі ерөң тарихы терең Жалағаш» деп аталатын кітапты бас-аяғы төрт айдан аса уақытта жинақтап, құрастырып шығардым. Ауданның 80 жылдығы ойдағыдай өтті. Жоғарыда айтқанымдай мен сол жылы Қызылорда қаласында қызметте едім. «Аудандағы әлі бірталай жұмыс бар, ауылға көп-сеңбіз» деген жігіттердің өтінішімен келдім.

Шығармашылық жұмыстарым ойдағыдай десем болар. Қолға қалам ұстағанын «өйтеуір елге пайдам тиісін» деген мақсатпен жұмыс істеп жатырмыз. Осы уақытқа дейін он кітабым жарық көрді. Соның біреуін де сатқаным жоқ, саттырғаным жоқ. Азғантай таралымымен шыққан дүниелер еді, оқырмандарын тез тапты, тарап кетті. Өзіме бір-екі данасын зорға алып қалдым. Алда жоспарларым бар, бірақ мейелі уақыты жоқ. «Үйреніп қалған он саусақ, ұста деп

қалам тынбайды» деп Тұрмағамбет шайыр айтқандай, саусағымыз қалам ұстауды қаласа нәм қалам ұстауға жараса, жазылатын дүние көп...

–**Адам бойындағы шығармашылыққа бейімділік, қаламгерлік қабілет бала күннен белгілі болады әой және оған ықпал етуші мәлім де беймәлім күш болатыны анық. Қалам ұстауыңа кім немесе не себеп болды?**

– Мен шығармашылыққа көш келдім. Біздің алдымыздағы қазақ қаламгерлері өздерінің атақты төл туындыларын отызға жетпей дүниеге көпелген. Мәселен, жазушы Саттар Ерубаев «Менің құрдастарым» атты романын небары 24 жасында жазыпты. Алайда жазудың ерте-кеші жоқ деп ойлаймын. Біздің бұын кітап оқып өсті. Солардың сапында мен де бармын. Мен мықты жазушы емес шығармың, бірақ жақсы оқырманмын. Кітап құшақтап өскен буынның бірі болған соң қазақ әдебиетіндегі аймаңдай классиктердің әйгілі шығармалары қалыптасуымызға әсерін тигізген шығар деп ойлаймын. Одан бөлек кәнмен келген қасиет бой тасалап жата бермейді, өзінің уақыты болғанда қанша жерден тұнықтырғанымыз, сыртқа шықпай қоймайды. Менің әкем Адис – ақын, майдангер ақын. Өткен ғасырдың елуінші жайында аудандық «Күрішішлер», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінің редакторы болған. Бойымдағы қабілет өке қанымен келгені анық.

Жастау кезімде ауылда тракторшы-механизатор, шопыр болып жүргенде де күнделік жазатынымын. Сол дәлдімнан студент кезімде де жаңылмай, күнделік жүргізіп отырдым. Бұл күнделіктердің өзі бірталай дүние болады. Ең бастысы, менің шығармашылыққа келуіме аймаққа белгілі журналист, СССР Журналистер одағының мүшесі марқұм Әбдіжәмілұлы Жұмабек ағамның ықпалы көп болды. Ол кісі алдымен маған өлең оқуды үйретті. Белгілі ақындардың өлеңдерін оқытып, менің пікірімді сұрайтын. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары Жұмекең әуірдегі газетте қызмет істеді, мен сол жылдары Мұхтар Шахановтың, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін Жұмабек ағамның нұсқауымен оқып, қазақтың қасиетті қара өлеңінің қадірін білдім. Кейін өзім де мықты ақындардың өлеңдерін іздепін оқытын болдым. Сөйтіп менің ой-өрісімнің төрелдеп, дүниетанымымның кеңейіне, жалпы шығармашылыққа бет бұруыма себеп болған кісі – Жұмабек ағам. Кейін аудан орталығына келіп, қызметке араласқанын Жақсыбай Сарбалаев, Мәлік Аялов, Тұрсынбай Тәшенов, Ахмет Тілеулиев және өзінің секілді ағаларыммен таныстым. Осы кезде жайлап газетке қысқаша ақпараттық хабарламалар, шағын мақалалар бере бастадым. Тұрсынбай ағамыз редактор болып тұрғанда мен білім бөлімінде қызмет істедім. Сонда білім саласындағы шараларды газетке беру керек болғанда «Тұрақ, сен өзің-ақ жазып бере салсайшы, бізден көм жазбайсыңа ғой» дейтін Түрсекең, Жақсыбай, Мәлік, Ахмет ағайлар кездескенде не жазып жүргенімді сұрайды. Мен жарытып ештенге жазып жүрмегенімді айтамын күмілжіп. Сонда ол кісілер бойымдағы қабілетімді қалғытып алмау үшін өзімді толғандыратын мәселелерге қалам тартып тұруға кеңес беретін. Осылайша ағаларымның қамшылауымен шығармашылық соқпағына түсіп-ау деймін.

– **Туған жер, өлке тарихын көп толғадыңыз және елдік тәртібін ұйытқысы болған тарихи тұлғалар жайында да көп еңбектеніп жүрсің. Бұл тақырыптарға қалам тартуға итермелеген неңдей күш?**

– Бұл енді өлмейтін тақырып қой деп ойлаймын. Туған жер, ескен орта кімге де болса ыстық. Біз туған жерге кіндігімізден байланғанбыз. Ал осы туған жерімді қорғап қалған батырлар, елім деп еңбек етіп, төр төккен аталарымыз бен әкелеріміз қандай құрметке болса да лайық. Олардың өмір жолы мен ел үшін істеген қызметін насихаттау біздің міндетіміз деп білемін. Бұл өзі қызық құбылыс, мысалы, қалам ұстаған адам көңілі ауған тақырыпқа қалам тарта бермейді. Өзіңіз де білесіз, бізді ешкім мәжбүрлеп жаздыра алмайды. Қаламның құдіреті сонда, жазатын дүниеге жүректен шығып, қаламның ұшынан ақ қағазға құйылып тұруы керек. Мәселен, кейбір тақырыптарға, кейбір кісілерге қаламың жүрмейді, өзіңді өзің қинайсың, болмайды, жаз алмайсың, ақыры жылы жауып қоя саласың. Ал енді туған жерді түлеткен батырлардың жөні бөлек. Олардың мағыналы да гиратты ғұмырын жазу да жеңіл оларды жазып отырып ләззат саласың.

– **Ал Журналистиканың көшегісі мен бүгінгісі нәм болашағы туралы ойыңды білгіміз келеді...**

– Мен кәсіби журналист емеспін. Мамандығым – мұғалім. Тарихшымын. Алайда, елжанды азамат ретінде қоғамдық мәселелерге бейжай қарай алмаймын. Елімізге, жерімізге, ұлтымызға, ұрпағымызға қатысты проблемаларға өз пікірімді басылып беттері арқылы білдіріп отырамын. Қазір әлеуметтік желі бар, оны үлкен талқулау алаңы де се де болады. Көзіміздің үлкен құш. Жазғанын дәлел-дәміекті, қисындай болса, биліктің қулағына жетеді, санасады. Кәсіби журналист болмасам да, ұзақ жылдардан бері аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарға түрлі тақырыптарда мақала беріп келемін. Олардың көбі жоғарыда айтқанымдай, елдік мәселелерді қаузады. Бірнеше жыл бұрын Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылдандым.

Журналистиканың көшегісін айтқанда, оқырманға, тыңдарманға уақытылы ашық әрі нақты ақпарат бере алатын жалтақтап, бір бүйірлі билікке бұра тартпайтын, өткір тілді, әділ, тұрашыл ең бастысы, кәсібіне адал алдыңғы буын өкілдерін есіме аламын. XX ғасырда журналистика саласында ақпарат алмасу қиын еді. Өкем жеріпкіткі газеттің бас редакторы болды, ағаларым да журналистиканың отымен кіріп, күлімен шықты. Бала күніміден сол кісілер арқылы басшымынның тыныс-тіршілігін көріп, сезініп өстік. Оны өзіңіз де білесіз. Сіз де сол қазанда қайнадыңыз. Ақпарат беру, газет шығару ісінің бейнеті көп еді. Қандайда бір мақаланың өзі үлкен еңбекпен жазылып, баслым бетінде жарық көріп, оқырманға тарайтын. Бірақ соған қарамастан сол кезеңдегі журналистердің өз мамандығына деген адалдығы, жанкештілігі бар еді.

Ал бүгінгі XXI ғасырда тележурналистиканы айтпағанда, ақпарат алмасу да, газет шығару ісі де жеңілдеді. Қазіргі жас оқырмандар мен тыңдармандар теледидар көрмейді, газет оқпайды. Блогерлер көбейді. Күнделікті жаңалықтарды әлеуметтік желілерден, ютуб каналынан тыңдап, көреді. Мәселен бұрын жеті күннің жаңалықтарын аптаның соңында бір-ақ оқытын болсақ, қазір сол мезетте оқып, біліп отырамыз. Жаңа технологияның арқасында әр секунд сайын болған жаңалықтардан, оқиғалардан хабардар болып отыратын жағдайға жеттік. Осы тұрғыдан ойлағанда, болашақ журналистиканың бағыты көп өзгеретін секілді. Дегенмен «келешекте журналистика болмайды, журналист деген мамандық оқытылмайды, оның қажеті де жоқ» деген жанымыз келіспеймін. Ол жай болжам ғана. Кәсіби журналист пен блог жүргізетін (блогер) басқа мамандық иесін салыстыруға келмейді.

XIX ғасырдың соңында кино өнері пайда болғанда «енді театрлар жұмысын тоқтатады» деген сөздер айтылған. Бірақ қазір театр қойылымдарының билетінің бағасы кинотеатрлардың билетінен жоғары. Оған қоса қазірде АҚШ-тағы «New York Times» газеті күніне 15 рет шығып, оқырманға таралады екен. Бұл – қағаз басылымның, жалпы журналистиканың болашағы бар деген сөз...

– **Қазақ әдебиеті мен қазақ журналистикасын кіндерді жоғары бағалайсың?**

«Әдебиет – ардың ісі». Бүгінде афоризмге айналып кеткен бұл сөз қазақ әдебиетінің алыптарының аузымен айтылса керек. Расымен қазақ әдебиеті тек оқырманға, кітапсүйер бір шоғыр қауымға емес, күллі қазаққа керек. Тұтас ұлттың өміле, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін анықтап, рухын сілқу үшін жазылады, мәнінше. Сондықтан әдебиетті ардың ісіне баласа керек. Әдебиет арлы болмай, әдебиет рухты болмай, ұлт арлы, рухты болмайды. Қазақ әдебиеті классиктерінің көбін жастайымыздан оқып өстік. Өріне, бірінші кезекте Абай арқылы ұлтымыздың тұтас бір дәуірін суреттеп, қазақты әлемге танытқан Мұхтар Әуезов, сонымен бірге Ғафий Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, одан кейінгі буынан Шерхан Мұртаза, Қабдеш Жұмаділов, Сайын Мұратбеков, Оралхан Бөкей, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Мұхтар Шаханов сынды ақын-жазушылардың шығармалары біздің қалыптасу кезеңімізде айтарлықтай әсер қалдырды. Бүгінгі буынның да көзім шалған жақсы туындыларын назардан тыс қалдырмаймын...

Ал журналистикада үлгі тұтатын алдыңғы буын аға-апаларымыз көп. Қазақ ғылым-білімінің қарашанырағы ҚазМУ-дың журналистика факультетінен Темірбек Қожекеев, Тауған Амандосов, Алма Қыраубаева сынды тұлғалардың дәрісін алғандардың бірі – өзіңіз. Қазір де мықты журналистер бар. Олар жас та болса елдік, тарихи тақырыптарға тәуекел етіп, жан-жақты терең зерттеулерге барып, халыққа ақпарат жеткізіп жүр.

– **Ізіннен ерөген жас қаламгерлерге қандай кеңес берер едің?**

– Ізденіс, ізденіс және ізденіс. Білесіз бе, бізде қазір ең жетіспейтін нәрсе – ізденіс. Қазіргі инновация деп жүргеніміз сол шығармашылық ізденіс. Қазір кез келген жұмысқа ізденіспен келу керек. Ізденіс болмаған жерде алға басу, даму болмайды. Қарапайым ғана мысал қазір той басқаратын асаба көп. Той басқару деген үлкен шығармашылықты қажет ететін жауапкершілікті жұмыс. Біздің сол той басқаратын асабалар ізденістен жүрдей. Қай тойға барсан да бірін-бірі қайталаған жаттанды мәнісіз, мағынасыз сөздер, тұрпайы әділ, сайқымазақ ойындар. Тойға барсақ амыл жоқ, той иесінен ұялғаннан отырамыз. Әйтпесе күнкөріс қамымен ғана жүрген асабаны тыңдап отыруға шыдам жетпейді. Әйгілі жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың афоризмге айналып кеткен «Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» деген сөзі сол ізденісті меңзеп тұр...

Мен өзімді толыққанды жазушымын деп санаймын. Жуырда Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдандым. Өріне, ғасырға жуық тарихы бар бұл абыройлы одаққа көлденең келіп кіргенім жоқ. Бұған дейін бірнеше кітабым жарық көріп, оқырманнан жоғары баға алды. Одан бөлек жылда ететін жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауының үш дүркін жүлдегерімін. Десе де қалам ұстап, жазу жолына түскен соң жауапкершіліктен жалтара алмайсың. Қазақстан Жазушылар

одағы мен оқырмандарың сені ресми түрде жазушы деп атап, таныған соң бір дөймен оқылатын, кейінгі ұрпаққа ой салатын та-тымды дүниелер жазуға тырысасың. Сондықтан әрбір туындыма сын көзбен қараймын.

Айналапма қалам ұстаған талантты іні-қарындастарым көп. Әсіресе әлеуметтік желіде жас ақын-жазушалар жетерлік және солардың көбімен шығармашылық байланыстамын. Олардың көбі әдебиеттегі өз жолын өлдеқашан айқындап алған. Ал қолына қаламын жаңа алған жас талапқа «Әдебиет – ардың ісі, ізденіс пен еңбек бар жерде алынбайтын қамал жоқ» дегім келеді.

– **Осы сұхбатты оқып отырған оқырман алдағы жоспарларыңызды да білгісі келеді әой...**

– Бірінші кезекте, Жалағаш энциклопедиясын аяқтау. Жақында ғана бұл дүниенің алғашқы нұсқасын бастадан шығарып, Садық Алиев ағамыз бастаған сараптау комиссиясына тапсырдым. Осы ағаларымыз асықпай қарап шығуы керек. Энциклопедияға аудан аумағынан шыққан елімізге танымал тұлғалар, батырлар, билер, ерекше қасиет қонған кісілер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым докторлары, кандидаттары, білім, ғылым қайраткерлері, өнер шеберлері мен қайраткерлері, аудан басшылары, сондай-ақ бұрынғы КСРО ордендері мен медальдарының, төуелсіз Қазақстан Республикасының жоғары марапаттарының иегерлері, КСРО, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Кеңестер Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, өзі қызмет істеген саланың үздік қызметкерлері, Құрметті қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, салалық министрліктің «Құрмет» грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталғандар, түрлі республикалық байқаулардың, спорт, өнер сайыстарының жүлдегерлері, облыстық мәслихат депутаттары, кезіндегі совхоз директорлары, алғы шепте жүрген ферма меңгерушілері мен егіс бригадирлері, бөлім, мекеме басшылары енді. Барлығы 1780 жеті тұлға, 74 бөлім мен мекеме, еңбек ұжымдары, Жалағаш кенті, ауылдық округтер, 252 жер-су атауы, 41 тарих және мәдениет ескерткіш, сондай-ақ аудан табиғаты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы мәліметтер берілген. Барлық мәлімет-деректер алфавит бойынша беріліп, фотосуреттер кезеңдер бойынша жүйелі түрде орналастырылды. Екі том болып шыққан бұл энциклопедияның дайындалу барысы оңай болған жоқ. Алайда ауданымыздың тарихының қағазға түсуі бүгін ғана емес, келер ұрпақ үшін де аса маңызды. Бұндай энциклопедия басқа аудандарда өлі шыққан жоқ.

Басқа да аяқталмай тұрған дүниелерім бар, соларды аяқтауым керек. Менің жарыққа шыққан оншақты кітабымын ішіндегі «Үбіс би» деп аталатын кітабым кезінде асығыстау жазылды. Алпа жазса, осы кітапты тарихи роман етіп қайта жазып шығуды жоспарлап отырмын. Себебі XVIII ғасырда біздің өлкедегі аласапыран заманда ел қорғаны болған Үбіс би сынды тарихи тұлғаларды кейінгі ұрпақ тереңірек білгені дұрыс. Үбіс би туралы деректер тым аз. Бұл үшін өзіміздің мемлекеттік архивті, Ташкенттің архивтерін бір сүзіп қайту керек. Үбіс би – көзіңде өзбек, Хиуа хандарының біздің өлкедегі бектерімен өзінің қол астындағы халықты қорғап, талай жауласқан, шайқасқан адам. Сондықтан ол туралы Ташкенттің архивінен деректер табылып қалар деп ойлаймын.

– **Соңғы сұрақ, оқырманды отбасынмен таныстыра кетсең...**

– Отбасым қарапайым, жұрттан ерекшеленіп ештенген жоқ. Жұбабілым Сәуле Желіқызы – көршінің қызы, ауылда бірге өстік, оқыдық. Ол мектепті бітіргесін арман қуып Алматыға кетті. Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетін бітірді.

Ол бүкіл саналы ғұмырын білім беру ісіне, ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағаты ұстаз десем қателеспеймін. Оның алдынан қиыға қанат қаққан шәкірттері қазір еліміздің әр қиырында тұрғы салада еңбек етіп жатыр. Қызылорда облысы әкімінің грант иегері. Шүкір, қазір абырой биігінде, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, «Қызылорда облысы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгілерімен және «Қазақстан Республикасы Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Қызым – жоғары білімді дәрігер, жақында тұрмыс құрды. Ұлым әскери салада қызмет атқарады.

Мен негізі өмірде мамандық таңдаудан да, жар таңдаудан да жаңылмадым десем болады. «Жігіттің қосы ойбай, ісі оңбайды» деген. Менің қосымның қисаймауына, күнделікті күбібен тіршілікке аландамай, ұдайы өзімнің сүйікті ісімен айналысуында Сауленің еңбегі зор. Шығармашылық адамының мінезі де алауызқын, бірде дауыл бірде несер болатыны рас. Маған үнемі қолдау көрсетіп, абыройымды асырған Сәуледей адал жан кездестірген. Алпаға мын мәрте алғыс айтудан жалыққан емеспін.

– **Сұхбаттыңызға рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз, оқырманға маңызды тың туындылармен қуанта беріңіз.**

Сұхбаттасқан Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



ОБЛЫС ӘКІМІ ГРАНТЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналиновтың төрағалығымен өткен облыс әкімінің грантына студенттерді іріктеу бойынша үйлестіру Кеңесі отырысының аттамалық тапсырмаларына сәйкес өңірге қажет мамандықтар бойынша 2025 жылға Жалағаш ауданына 5 грант бөлінген.

Атап айтқанда:
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне:
- Агрономия -1;
- Су ресурстарын басқару -1;
- Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау-1;
- Хореография -1;
С.Д.Асфендияров атындағы медицина университетінің Жалпы медицина мамандығына 1 грант бөлінген.

Аталған көмекті алуға, балалар үйінің тәрбиелену-шілері (отбасылық үлгідегі балалар ауылы мекемесінің түлектері) мүмкіндігі шектеулі балалар; жетім балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; асыраушысынан айырылған отбасылардың балалары; ата-анасының екеуі немесе біреуі зейнеткер болып табылатын, тұрмысы төмен отбасыларының балалары; ата-анасының екеуі немесе біреуі мүгедектігі бар болып табылатын балалар; көпбалалы отбасылардың балалары; аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар құжаттарын тапсыра алады.

Грант иегерлерінің тізімі жарияланғаннан кейін ҰБТ-дан мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған халықтың осал топтарындағы мектеп бітіруші балалардан «Жалағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 5-тамызынан бастап 15-тамызына дейін құжаттар қабылданады.

Мекен-жайы: Жалағаш кенті, Желтоқсан к-сі №1.
Тел: 8(72431)31393

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 6 тамыздағы шешімімен 2025 жылғы 31 тамызға тағайындалған сайлауда Мәдениет ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

1. Кашакова Жанар Бахытовна – 1977 жылы туған, қазақ, "Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі КММ, сектор меңгерушісі, Бұқарбай батыр ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Оразбаев Ардақ Даулетбаевич – 1974 жылы туған, қазақ, «Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Мәдениет ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

3. Хамитов Арман Алданышұлы – 1983 жылы туған, қазақ, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ, бас инспектор,

4 ДЕНСАУЛЫҚ

Ана мен бала өлімі азайған

№59 (10152) 9 тамыз, 2025 жыл

Қосымша 20 млрд теңге қаралған

Айта кетейік, еліміздің 2029 жылға дейінгі ұлттық жоспарында ана мен бала өлімін төмендету бойынша кешенді шаралар қабылдауға басымдық берілген. Осы ретте жауапты министрлік 2030 жылға дейін ана мен бала денсаулығын сақтау қызметін дамыту жоспарын бекіткен. Былтыр ана өлімі 12 пайызға, нәресте өлімінің көрсеткіші 11 пайызға төмендеген.

Елімізде ана мен балаға медициналық көмек көрсетудің жаңа тәсілдері халықаралық талаптарға сай енгізіліп, стандарттар мен клиникалық хаттамалар өзектендірілген. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова ана мен бала өлімін азайтуға негізделген нәтижелі жұмысты осымен байланыстырады. Былтыр маусым айынан бастап босандыру, акушерлік оталар, салмағы төмен жаңа туған нәрестелерді күту, педиатриялық бейімдеудің тарифтері ұлғайған. Осы мақсатқа қосымша 20 млрд теңге бөлінді. Бұл медициналық ұйымдардың несиелік бөreshегін төмендетуге, нақты шығындарды өтеуге, қымбат препараттарға қолжетімділікті жақсартуға, тәжірибелі мамандарды тұрақтандыруға мүмкіндік беріп отыр.

100 мыңнан астам ана тексеруден өткен

Сала министрі босанғаннан кейінгі қан кетулердің алдын алудың жаңа тәсілдері енгізілгенін айтады. Мәселен, биыл ағзаларды сақтап қалу оталары 20 пайыз артқан. Сондай-ақ дер кезінде және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету шаралары ауыр жағдайдағы әйелдер мен балалардың 96 пайызын құтқарып қалуға мүмкіндік берген. Былтырдан бастап босандыру және балаларға арналған ұйымдарды медициналық техникамен жарақтау 87 пайызға жетті.

Былт бірінші рет болашақ аналарға арналған «Аналар саулығы» бағдарламасы іске қосылды. Онда әйелдерді 12 түрлі зерттеуден тегін өткізу және жүктілікке дайындау қамтылған. Бұл мақсатқа 5,1 млрд теңге қаралған. Былтыр 22 облыстық перинаталдық орталық құрамында ұрықты қорғау орталықтары құрылған. Құрамында жүкті әйелдерге көмектесетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында бір күндік клиникалар ұйымдас-тырылған. Онда бүгінге дейін 100 мыңнан астам жүкті әйел 500 мыңға жуық тексеруден өткен. Нәтижесінде ұрықтың даму ақауларын ерте анықтау көрсеткіші 13 пайыз артқан. Ақмарал Әлназарова осындай орталықтардың жұмысын әлі де жетілдіру қажет деп есептейді. Сондай-ақ ол орталықтарды заманауи медициналық техникалармен жарақтау үшін әкімдіктер жергілікті бюджеттен қаражат бөлсе дейді.

96 нәрестенің өмірін сақтап қалды

Былтыр елімізде феталды медицина жаңа технологиясы енгізілді. Сол арқылы жатыршілік 71 ота жасалған. Нәтижесінде 96 нәрестенің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік туды. Былдан бастап емханаларда педиатриялық бөлімшелер ашылуда. Осыған дейін 100 даму және ерте араласу орталығы жасақталған. 3 жасқа дейінгі балаларға мультимедиялық диагностикамен бақылау жұмыстары бір жолға қойылған.

Елімізде шалғайдағы ауылдық елді мекендердегі тәуекелі жоғары қауіп тобындағы жүкті әйелдерді алдын ала емдеуге жатқызу, асқынған босанудан кейінгі кезеңде әйелдерді оңалтуға арналған «Салауатты ана» пансионаттары ашылуда. Осыған дейін дәл осындай орталықтар Түркістан, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарында жұмысын бастады. Министрлік мұндай орталықты басқа да аймақтарда ашу тиімді деп есептейді және оны жыл соңына дейін жүзеге асыру маңызды.

Қазақстанда жүкті және фертильді жастағы әйелдердің денсаулығына цифрлық бақылау жүргізу мақсатында 20 ситуациялық орталық ұйымдастырылған. Соның арқасында жүктіліктің асқынуын анықтап, дер кезінде емдеуге жатқызуға мүмкіндік туды. Мұнан бөлек 18 облыстық перинаталдық орталық және 15 облыстық балалар ауруханасының реновация жұмыстары басталды. Негізгі мақсат – орталықтар құрамын

бірыңғай стандарттарға сәйкес жасақтап, мамандар біліктілігі мен материалдық техникалық базасын жақсарту, құзіреттілікті дамыту орталықтарын ашу арқылы озық технологияларды өңірлерге тарату. Бұл медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балаларға қосымша 300-ден астам аса қажетті бейінді төсек жаңадан қалыптастырылады.

Кадр тапшылығы қалай шешілуде?

Былтыр елімізде алғаш рет 169 педиатр маманы оқып шықты. Биыл дәл осындай 152 педиатр дәрігер резидентураны тәмамдайды. Қырқүйек айынан бастап балалар бейініндегі жоғары сұранысқа ие 14 мамандық бойынша алғаш рет резидентурада оқыту басталмақ.

Былтырдан бастап кадр тапшылығын азайту мақсатында ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу үшін келген сұранысқа ие дәрігерлердің 8,5 млн теңге көтерме төлемақы алуына мүмкіндік туды. Бірақ былтыр ауылдарда жұмысқа орналасқан 370 маманның тек 254-і көтерме төлемақы алған. Негізгі қабылданған шаралар босандыру мен балалар кадрлары тапшылығын 25 пайызға төмендетті. Әлі де еліміз бойынша 255 гинеколог пен 91 неонатолог маман тапшы. Осы ретте министрлік жергілікті әкімдіктермен бірге кадр тапшылығын шешуге басымдық бермек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша заманауи перинаталдық орталықтар құрылысының 12 жобасы бекітілді. Бүгінде барлық өңірде жер телімдері белгіленді. Жобалық сметалық құжаттаманы әзірлеп, кейін басқа өңірлерде қайта қолдану үшін Шымкент қаласы мен Қарағанды облысында пилоттық жобалар айқындалған. Бірақ бұл жұмыстар әлі де аяқталған жоқ.

Саланы цифрландыру шараларына келсек, 18 жасқа дейінгі балалардың цифрлық бейінін енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Балабақша мен мектепке бару үшін балалар денсаулығының электронды паспорты енгізілген. Былтырдан бері балалар арасында қауіпті факторларды ерте анықтау мен оларға көрсетілетін медициналық көмектің көлеміне мониторинг жүргізілуде. Жүкті және босанған әйелдердің электронды картасы практиктің жұмыс сервисті енгізілген. Бүгінде жоспарланған қабылдау күні мен скринингтен өту туралы жүкті әйелдерге 348 мың хабарлама жіберілген. Сондай-ақ жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімінің медициналық ақпараттық жүйелері мен нитеграциясы жүзеге асырылды.

6 өңірде ана өлімі өскен

Жалпы ана мен бала өлімінің алдын алу бойынша нақты шаралар қолға алынған. Нәтиже де баршылық, бірақ кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, қабылданған шараларға қарамастан еліміздің 6 өңірінде ана өлімінің өсімі байқалады. Құрылымы бойынша ана өлімінің басым себептеріне келсек, ауырэкстрегенеталдық аурулар 55 пайызды құрайды. Сондай-ақ акушерлік жағдайлар – 45 пайыз. Ал нәресте өлімінің себептерінің құрылымына келсек, бірінші орында перинаталдық кезеңдегі жағдай 47 пайызды құрайды. Туабітті ақаулар – 19 пайыз, мұнан кейін тыныс алу ағзаларының аурулары бар.

Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ұлытау облыстарында үй жағдайында тіркелген өлім-жітім көрсеткіші республикалық көрсеткіштен 2 есе жоғары. Осы ретте сала министрі аталған өңірлерде медициналық ұйымдарды бейінді мамандармен жасақтауға, біліктілігін арттыруға, матрнеалдық-техникалық базасын нығайтуға, жүкті әйелдер мен балаларды көлік бөлуге және осал топтағы фертильді жастағы әйелдерді тегін тегін контрацепциямен қамтамасыз етуге жергілікті бюджеттен қаражат қарау қажет деп есептейді.

Ана мен бала өлімінің фактілері бойынша 44 медициналық ұйымға жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Жамбыл және Ақмола облыстарында босандыру ұйымдарында ауқымды тексеру жұмыстары ұйымдастырылған. Қорытындысына келсек, өңірлерде анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жедел іс-шаралар кешені бекітілген.



Аймақта ана өлімі 5 жылда 12 есе төмендеді

Енді өзіміздің аймақтағы ахуал қалай? Тарқатайық...

Қызылорда облысында ана өлімі көрсеткіші соңғы 5 жылда 12 есеге дейін төмендеген. Қабылданған нақты шаралар нәтижесінде нәресте өлімі өткен жылмен салыстырғанда 9 жағдайға, соңғы 5 жылда 21 пайызға азайып отыр.

Көпбейінді облыстық аурухана базасында жоғары қауіп тобындағы жүкті әйелдерге акушерлік көмек көрсететін 70 төсектік перинаталды бөлімше ашылып, жұмыс жасауда. Жергілікті бюджеттен 1 млрд 500 млн теңге бөлініп, бөлімшеге заманауи құрал-жабдықтар алынған.

Соңғы 3 жылда жергілікті бюджеттен медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға 375 млн теңге қаралып, оның 192 млн теңгесі мамандарды шет елдерде оқытуға бағытталды. Ана мен бала саулығына қажетті материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында медициналық мекемелер 4 млрд 700 млн теңгеге құрал-жабдықтармен қамтылған.

Балаларға стационарлық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруда облыс орталығынан қалалық балалар ауруханасын ашу жұмыстары басталды. Аурухана базасында даму бұзылыстары бар 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталығын ашу үшін «Қазақстан халқына» қоры арқылы 125 млн теңгеге құрал-жабдықтар алынып, мамандар біліктілігін жетілдірді.

Аталған қордың қолдауымен Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Осындай орталық жуйырда Арал ауданында ел игілігіне берілмек. Одан бөлек «Сәби» қайырымдылық қоры арқылы облыстық балалар ауруханасына 700 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп (қабылдау бөлімі, жарақат бөлімі, операциялық блок), құрал-жабдықтар алынған.

Аймақ басшысы облыстық денсаулық сақтау басқармасы, статистика департаменті, Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының филиалы, Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, аймақтағы демографиялық көрсеткіштердің нақты әрі біркелкі болуын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сондай-ақ ана мен бала

денсаулығын сақтау саласындағы негізгі көрсеткіштер жыл соңына дейін толық орындалуы керектігін қаперге салды. Жүкті әйелдер мен балалар денсаулығын нығайтуда медициналық көмек сапалы әрі қолжетімді болуы керектігін де айтты.

Иә, ана мен баланың өлімін болдырмау – денсаулық сақтау саласындағы басым бағыттардың бірі. Бұл бағытта Жалағаш ауданында да жүйелі жұмыстар жүзеге асуда. Тарқатып айтсақ, ауылдық медицина ұйымдарының қолжетімділігі, медициналық қызмет сапасын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік қолдау шаралары тұрақты жүргізілуде. Оның ішінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында соңғы 2 жылда жалпы құны 1,6 млрд теңгеге 3 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Аламекек, Мырзабай ахуң, Қаракеткен ауылдық округтеріндегі дәрігерлік амбулаториялар типтік жобадан салынып, қажетті құрал-жабдықтармен жасақталған. Былтыр аудандық денсаулық сақтау саласына 11 жедел жәрдем көлігі табысталды.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов ана мен бала өлімін болдырмау және оның алдын алу бағытында перинаталдық көмекті күшейту қажеттігін жауапты сала басшыларының назарына салды. Сондай-ақ ауылдық округтердегі дәрігерлік амбулаториялардың қалыпты жағдайда жұмыс жасауын қамтамасыз ету міндеттелді. Медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін арттырып, халыққа сапалы қызмет көрсетуін қатаң бақылауға алуды қаперге салды. Ал тұрғындар тарапынан наразылықтар туындамауы үшін жұмысты күшейтуді тапсырды.

– Тұрғындарға тегін берілетін дәрі-дәрмектер қоры жеткілікті болуы тиіс. Әрбір ана мен баланың өмірі біз үшін аса құнды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарға селқос қарауға мүлде болмайды, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов. Жалпы елімізде ана мен бала өлімінің азаюы көңіл қуантады. Бұл бір жағынан отандық медицинаның дамығанын, сала мамандарының біліктілігін аңғартады. Бірақ бұған тоқмәйлсуге тағы болмайды. Президент айқындап берген тапсырмаларды жүзеге асыруда нәтижелі жұмыс болса, алдағы уақытта мұндай мәселенің елімізде әлі де азаяры сөзсіз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

Біле жүріңіз

Ана сүтіндей шипа жоқ, ананың жүрегіндей пана жоқ. Ұлт тағдырын ұрпақтан іздеген қазақ халқы ананы өмірдің өзегі, тіршіліктің иесі деп қадірлеген. Ал ананың баласын емізуі жай ғана биологиялық процесс емес, бұл – Алла мен табиғаттың берген теңдессіз сыйы, ұрпаққа берілген алғашқы аманат.

Ана сүтінің маңызы



Жер бетінде ана сүтінен артық тағам жоқ. Ол – баланың жаратылысына лайық күніне, тіпті сағат сайын өзгеріп тұратын тірі нәрсе. Сүттің құрамы сәбидің жасына, жағдайына сай бейімделіп отырады.

Ана сүтінде баланың иммунитетін қалыптастыратын антиденелер, әрбір мүшесінің дамуына қажет микроэлементтер, миының жетілуіне жауап беретін майлар бар. Бала ана сүтін еміп қана қоймайды, анасының иісін, жылуын, жүрек соғысын сезіп, өзін осы дүниеде қауіпсіз әрі сенімді сезінеді. Бұл байланыс – ешқашан ұмытылмас алғашқы махаббаттың бастауы.

Емізудің анаға берер пайдасы

Көпшілік емізудің пайдасын балаға қатысты ғана көреді. Ал шын мәнінде емізу – ананың өз денсаулығына да үлкен көмек. Емізу жатырдың жиырылуын жеделдетіп, босанғаннан кейінгі қан кетуді азайтады. Ананың артық салмақтан тез арылуына көмектеседі. Жүрек-қан тамыр аурулары мен сүт безі қатерлі ісігінен қорғайды. Ең бастысы, ана мен бала арасындағы терең психоэмоционалды байланысты нығайтады.

Емізу – тек физикалық емес, рухани да процесс

Қазақтың ежелгі ұғымында баланы өз анасы емізе алмаса, оны туған-туыстарынан бір әйел емізген. Неге? Өйткені «сүтпен бірге мінез, мейірім, рух беріледі» деп сенген. Қазақтың «емшек сүтін емген бала бір анадан туғандан тең» деуі де содан.

Уақыт зымырап өтеді. Бүгінгі омырауда жатқан сәби ертең ер жетіп, елге тірек болатын үл немесе ұя салатын қыз болады. Бірақ ана жүрегінде сол бір емізіп отырған сәт мәңгі жатпайды.

Ана мен баланың арасындағы сол жылы сүт, сол көзқарас, сол тыныштық ұмытылмайды. Бұл тек сүт емес, бұл – махаббат, ұлтқа деген жауапкершілік, ұрпаққа деген үміт. Ендеше аналар әр тамшы сүтпен өз баламызға тек денсаулық емес, мейірім мен махаббат та дарытып жатқанымызды ұмытпайық.

Сұлтан ЫБЫРАҚЫМ, аудандық аурухананың балалар дәрігері

Кене – қауіпті жәндік

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгілері жасырын кезеңде кене шаққанда 1-3 күн, ең көбі 9 күн аралығында жүреді. Жұқтырғандармен байланыста 5-6 күн, ең көбі 13 күн аралығында білінеді. Іш ауру, іш өтуі, бас ауруы, құсу, әлсіздік, дене қызуының көтеріліп, геморрагиялық белгілердің пайда болуы да аурудың басты белгілеріне жатады. Адам ағзасының шырышты қабатына, тістеріне, мұрынан ішкі ағзаларынан қан кетеді.

Кененің шағуынан қалай сақтануға болады?

Кене көп жерлерге у шашу керек. Үй жануарларына кене жабыспау үшін малды дәрілеп, тоғыту қажет. Егістік алқабында, саяжайларда жұмыс жасағанда және табиғат аясында демалысқа шыққанда арнаулы киімдер киген дұрыс. Мұндайда жеңі ұзын, жағасын түймелейтін киімдер киіп, шапбарланып жүру керек.

Кенелер денеге жабысып, қан сору үшін оңтайлы жер іздейді. Олар 1-1,5 сағат уақытты қажет етеді. Сондықтан сағат сайын шаштын арасын, құлақтың тұсын, қолтық манағын мұқият қарау керек.

Кенелер химиялық заттардың иісіне өте сезімтал келеді. Табиғатқа шығар алдында дененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная», «Антиклещ-Пикник», «ДЭТА» және т.б.), репелленттерді пайдалану керек. Оларды дәрханалар мен дүкендерден сатып алуға болады.

Кененің адамдарға ең көп шабатын уақыты – таңғы сағат 8-ден 11-ге дейін және көшкі сағат 17-мен 20-ның аралығы. Күн ыстықта 11-ден 17-ге дейін олардың белсенділігі төмендей түседі.

Кене шаққанда не істеу керек?

Көктем мен жаз – кене маусымы! Егер кене шақса, дүрлікпеніз. Бірінші кезекте кенені тез, бірақ абайлап алыңыз. Қысқышпен басына жақын тұстан ақырын шығарыңыз, жұлмаңыз. Қолыңыздан келмесе, дәрігерге барыңыз. Шаққан жерді дезинфекциялаңыз.

Спиртпен немесе йодпен сүртңіз. Кенені лақтырып жібермеңіз. Ыдысқа салып, зертханаға тапсыруға болады. 14 күн бойы өзіңізді бақылаңыз. Қызу, әлсіздік, бас ауруы, бөртпе болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Кенелік энцефалитке қарсы екпе алыңыз. Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз.

А.БЕКТАЕВА, аудандық аурухананың жастар денсаулығы дәрігері

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 87242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2761 Тапсырыс №1335

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ